

ҒТАХА 16.21.47

<https://doi.org/10.62724/202620202>

Боранбаев Сандыбай Режепович¹

Филология ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан, sandybai60@mail.ru,
ORCID ID: 0000-0002-5596-737X

Байменова Сауле Сулейменовна^{*2}

Докторант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан, saule.baimen78@gmail.com, ORCID ID: 0009-0004-8429-8808

Сулейменова Злата Габдрашевна³

Магистрант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан, zлата88mir@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-5262-0291

**«МУНИЕТ УЛ-ҒУЗАТ» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ ӘСКЕРИ
ЛЕКСИКАНЫ КОРПУСТЫҚ-ДИСКУРСТЫҚ ТАЛДАУ**

Аңдатпа. Мақалада мәмлүк-қыпшақ дәуіріне тән «Муниет ул-ғузат» жазба ескерткішіндегі әскери лексиканы корпусдық-дискурстық тұрғыдан зерттеу қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – ескерткіште сақталған әскери атаулар мен әрекет мәнді тілдік бірліктерді тарихи мәтіндік дерек ретінде сипаттап, оларды когнитивтік, семантикалық және дискурстық талдауға арналған моделін ұсыну.

Зерттеу барысында «Муниет ул-ғузат» мәтіні толық аяқталған электрондық корпус ретінде емес, корпуста бейімдеуге болатын шағын арнайы тарихи мәтіндік дерек ретінде қарастырылады. Осыған байланысты мақалада лемма, сөзтұлға, контекст, коллокация және конкорданс сияқты корпус лингвистикасының негізгі элементтерін жазба ескерткіш мәтінін талдауға қолданудың жолдары сипатталады. Әскери лексиканы алдын ала жүйелеу барысында «қару-жарақ», «ат және атты жауынгерлік қимыл», «әскери әрекет пен тактика», «жауынгер бейнесі», «тәртіп пен сақтық» сияқты когнитивтік өрістерді бөліп көрсетуге болатыны негізделеді.

Жұмыста тарихи-тілдік сипаттау, когнитивтік талдау, дискурстық талдау әдістері қолданылды. Мақалада ескерткіштің дискурстық табиғаты да арнайы қарастырылады. Мәтіндегі бұйрық мәнді құрылымдар, әрекетке бағытталған етістік формалары, жауынгерге нұсқау беру және сақтандыру сипатындағы сөйлемдер оның әскери-нұсқаулық, прагматикалық және нормативтік дискурста жататынын көрсетеді. Зерттеу нәтижесінде «Муниет ул-ғузат» жазба ескерткішін корпусдық-дискурстық бағыттар арқылы талдау тарихи әскери лексиканың құрылымын, қолданыс ортасын және мәдени-танымдық мазмұнын кешенді сипаттауға мүмкіндік беретіні айқындалады.

Мақала толық сандық корпус нәтижесін ұсынбайды; керісінше, мәтіні толық сақталмаған тарихи жазба ескерткішті лингвистикалық тұрғыдан жүйелі зерттеуге арналған модельді негіздейді.

Кілт сөздер. Муниет ул-ғузат, мәмлүк-қыпшақ тілі, әскери лексика, корпус лингвистикасы, дискурс, когнитивтік талдау, тарихи мәтін.

Боранбаев Сандыбай Режепович¹

Доктор филологических наук, профессор, Южно-Казахстанский научно-исследовательский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, sandybai60@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-5596-737X

Байменова Сауле Сулейменовна^{*2}

Докторант, Южно-Казахстанский научно-исследовательский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, saule.baimen78@gmail.com, ORCID ID: 0009-0004-8429-8808

Сулейменова Злата Габдрашевна³

Магистрант, Южно-Казахстанский научно-исследовательский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, zlata88mir@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-5262-0291

КОРПУСНО-ДИСКУРСИВНЫЙ АНАЛИЗ ВОЕННОЙ ЛЕКСИКИ В ПИСЬМЕННОМ ПАМЯТНИКЕ «МУНИЕТ УЛ-ГУЗАТ»

Аннотация. В статье рассматривается корпусно-дискурсивное исследование военной лексики письменного памятника «Муниет ул-гузат», относящегося к периоду мамлюкско-кыпчакской эпохи. Цель исследования – охарактеризовать военные наименования и языковые единицы со значением действия, сохранившиеся в памятнике как историко-текстовый источник, а также предложить модель их когнитивного, семантического и дискурсивного анализа.

В ходе исследования текст «Муниет ул-гузат» рассматривается не как полностью завершённый электронный корпус, а как небольшой специализированный исторический текстовый источник, который может быть адаптирован к корпусному анализу. В связи с этим в статье описываются пути применения основных элементов корпусной лингвистики, таких как лемма, словоформа, контекст, коллокация и конкорданс, при исследовании текста письменного памятника. В процессе предварительной систематизации военной лексики обосновывается возможность выделения таких когнитивных полей, как «оружие и военное снаряжение», «конь и конные боевые действия», «военные действия и тактика», «образ воина», «дисциплина и осторожность».

В работе были использованы методы историко-лингвистического описания, когнитивного анализа и дискурсивного анализа. В статье отдельное внимание уделяется дискурсивной природе памятника. Повелительные конструкции, глагольные формы, направленные на выражение действия, а также предложения наставительного и предупредительного характера, адресованные воину, свидетельствуют о принадлежности текста к военно-инструктивному, прагматическому и нормативному дискурсу. В результате исследования установлено, что анализ письменного памятника «Муниет ул-гузат» с применением корпусно-дискурсивных подходов позволяет комплексно охарактеризовать структуру исторической военной лексики, сферу её функционирования и культурно-когнитивное содержание. Статья не представляет результаты полного количественного корпусного исследования; напротив, в ней обосновывается модель системного лингвистического изучения исторического письменного памятника, текст которого сохранился не в полном объёме.

Ключевые слова. Муниет ул-гузат, мамлюкско-кыпчакский язык, военная лексика, корпусная лингвистика, дискурс, когнитивный анализ, исторический текст.

Boranbayev Sandybai Rezhepovich¹

Doctor of Philology, Professor, M. Auezov South Kazakhstan Research University,
Shymkent, Kazakhstan, sandybai60@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-5596-737X

Baimenova Saule Suleimenovna^{*2}

Doctoral student, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan,
saule.baimen78@gmail.com, ORCID ID: 0009-0004-8429-8808

Suleimenova Zlata Gabdrashevna³

Master's student, M. Auezov South Kazakhstan Research University, Shymkent, Kazakhstan,
zlata88mir@gmail.com, ORCID ID: 0009-0008-5262-0291

**CORPUS-DISCURSIVE ANALYSIS OF MILITARY VOCABULARY IN
THE WRITTEN MONUMENT «MUNIET UL-GHUZAT»**

Abstract. This article examines a corpus-discursive study of military vocabulary in the written monument «Muniyet ul-Ghuzat», which belongs to the Mamluk-Kipchak period. The aim of the study is to characterize military terms and language units expressing actions preserved in the monument as a historical textual source, as well as to propose a model for their cognitive, semantic, and discursive analysis.

In the course of the research, the text of «Muniyet ul-Ghuzat» is considered not as a fully completed electronic corpus, but as a small specialized historical textual source that can be adapted for corpus analysis. Accordingly, the article describes the ways of applying the main elements of corpus linguistics, such as lemma, word form, context, collocation, and concordance, to the study of a historical Kipchak text. In the process of preliminary systematization of military vocabulary, the possibility of identifying such cognitive fields as «weapons and military equipment», «horse and mounted combat actions», «military actions and tactics», «the image of a warrior», and «discipline and caution» is substantiated.

The research utilized the methods of historical-linguistic description, cognitive analysis, and discourse analysis. The article also specifically examines the discursive nature of the monument. Imperative constructions, verb forms expressing action orientation, as well as instructive and warning sentences addressed to the warrior demonstrate that the text belongs to military-instructional, pragmatic, and normative discourse. The results of the study show that the analysis of the written monument «Muniyet ul-Ghuzat» through corpus-discursive approaches makes it possible to provide a comprehensive description of the structure of historical military vocabulary, its functional context, and cultural-cognitive content.

The article does not present the results of a complete quantitative corpus study; rather, it substantiates a model for the systematic linguistic analysis of a historical written monument whose text has not been fully preserved.

Key words. Muniyet ul-Ghuzat, Mamluk-Kipchak language, military vocabulary, corpus linguistics, discourse, cognitive analysis, historical text.

Кіріспе. Түркологияда ортағасырлық жазба ескерткіштерді зерттеу тек тарихи-деректік немесе мәтінтанулық сипатта ғана емес, олардың тілдік құрылымын, семантикалық жүйесін, дискурстық табиғатын және мәдени-танымдық мазмұнын кешенді талдаумен тығыз байланысты. Әсіресе мәмлүк-қыпшақ дәуіріне тән жазба мұралар түркі тілдерінің тарихи даму жолын, лексикалық қабаттарын, әскери, әлеуметтік

және мәдени ұғымдар жүйесін тануға мүмкіндік беретін маңызды дереккөздер қатарына жатады. Осындай құнды ескерткіштердің бірі – «Муниет ул-ғузат» жазба мұрасы.

«Муниет ул-ғузат» – мәмлүк-қыпшақ тілді ортада жазылған, әскери өнерге, жауынгерлік машыққа, атты әскер дағдыларына және қару қолдану тәсілдеріне қатысты нұсқаулық сипаттағы жазба ескерткіш. Ескерткіш мазмұнында атқа міну, ат үстіндегі қимыл, оқ ату, сүңгі ұстау, қылыш қолдану, қорғану, сақтану, шабуыл жасау, жауынгердің дене қимылын реттеу сияқты әскери тәжірибеге қатысты тілдік бірліктер кездеседі [1]. Сондықтан бұл жәдігер мәтіні тек тарихи лексика көзі ғана емес, ортағасырлық түркі әскери танымын, жауынгерлік тәртіп жүйесін және практикалық әрекетке бағытталған дискурсты сипаттайтын маңызды тілдік дерек ретінде қарастырылады.

Ескерткіш мәтінінің толық сақталмағаны және қазіргі зерттеушілерге негізінен транскрипцияланған мәтін мен индекстік корсеткіш арқылы жеткені оны талдауда қырағылықты қажет етеді. Осы себепті «Муниет ул-ғузат» мәтінін дайын әрі толық электрондық корпус ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан дәл болмайды. Дегенмен сақталған мәтін бөлігі, транскрипция және сөздік-индекстік материалдар оны корпуста бейімдеуге болатын шағын арнайы тарихи мәтіндік дерек ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [2, 20]. Мұндай тәсіл мәтіндегі әскери лексиканы жеке сөздер жиынтығы ретінде емес, лемма, сөзтұлға, контекст, коллокация және дискурстық қызмет тұрғысынан жүйелі зерттеуге жол ашады.

Қазіргі тіл білімінде корпус лингвистикасы мәтіндегі тілдік бірліктердің қолданыс жиілігін, контекстік ортасын, тіркесу мүмкіндіктерін және мағыналық өрісін жүйелі бақылауға мүмкіндік беретін тиімді бағыттардың бірі ретінде танылады. Алайда тарихи жазба ескерткіштерге қатысты бұл тәсілді қолдану қазіргі тілдік корпустардағыдай толық автоматтандырылған түрде жүзеге аса бермейді. Әсіресе араб графикасымен жазылған немесе транскрипция арқылы жеткен көне түркі мәтіндерін талдауда графикалық әркелкілік, толық сақталмау, лемматизация қиындығы, тарихи фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктер сияқты мәселелер туындайды. Сондықтан мұндай мәтіндерге корпус лингвистикасының дайын статистикалық құралдарын тікелей қолданудан бұрын, алдымен мәтінді корпуста бейімдеу және талдау бірліктерін нақтылау қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, «Муниет ул-ғузат» жазба ескерткішіндегі әскери лексиканы зерттеуде корпустық және дискурстық тәсілдерді ұштастыру маңызды. Корпустық тәсіл әскери терминдердің мәтіндегі қолданысын, сөзтұлғалық түрленуін, ықтимал коллокациялық байланыстарын және контекстік қызметін анықтауға мүмкіндік берсе, дискурстық талдау бұл бірліктердің мәтіндегі прагматикалық, нұсқаулық және нормативтік қызметін түсіндіруге бағытталады. Корпус пен дискурс талдауын байланыстыра қолдану мәтіннің құрылымдық белгілерін ғана емес, оның коммуникативтік және әлеуметтік қызметін де ашуға мүмкіндік береді [3, 12].

«Муниет ул-ғузат» мәтіндегі әскери лексика бірнеше когнитивтік өріс шеңберінде қарастырылуы мүмкін. Олардың қатарына қару-жарақ атаулары, ат және атты жауынгерлік қимылға қатысты бірліктер, әскери әрекет пен тактиканы білдіретін сөздер, жауынгер бейнесін сипаттайтын атаулар, сондай-ақ тәртіп, сақтық және қауіпсіздікке қатысты тілдік құрылымдар жатады. Бұл өрістер мәтіндегі әскери танымның ішкі жүйесін көрсетіп қана қоймай, ортағасырлық түркі қоғамындағы жауынгерлік мәдениеттің тіл арқылы қалай құрылымдалғанын да танытады.

Мәтіннің дискурстық сипаты да ерекше назар аударуды қажет етеді. Ескерткіште бұйрық, нұсқау, ескерту, сақтандыру, үйрету мәніндегі құрылымдар басым көрінеді. Мұндай тілдік белгілер мәтіннің ақпараттық сипатымен қатар, практикалық әрекетке

бағытталғанын көрсетеді. Яғни, мәтін оқырманға немесе тыңдаушыға белгілі бір әскери білімді жеткізумен шектелмейді, оны нақты әрекетке, сақтыққа, дене қимылын дұрыс орындауға және жауынгерлік тәртіпті меңгеруге бағыттайды. Сондықтан «Муниет ул-ғузат» мәтінін әскери-нұсқаулық, прагматикалық және нормативтік дискурс үлгісі ретінде қарастыруға негіз бар.

Бұл мақаланың мақсаты – «Муниет ул-ғузат» жазба ескерткішіндегі әскери лексиканы корпусқа бейімделетін тарихи мәтіндік дерек ретінде сипаттап, оны когнитивтік және дискурстық тұрғыдан талдауға арналған моделін ұсыну.

Осы мақсатқа жету үшін мақалада мынадай міндеттер қойылады: біріншіден, «Муниет ул-ғузат» мәтінін әскери-нұсқаулық сипаттағы тарихи жазба дерек ретінде сипаттау; екіншіден, әскери лексиканы корпусқа бейімделетін тілдік материал ретінде қарастырудың мүмкіндіктерін анықтау; үшіншіден, әскери атаулар мен әрекет мәнді бірліктерді негізгі когнитивтік өрістер бойынша жүйелеу; төртіншіден, мәтіндегі бұйрық, нұсқау, сақтандыру және әрекетке бағыттау мәнді құрылымдардың дискурстық қызметін айқындау; бесіншіден, лемма, сөзтұлға, контекст, коллокация және конкорданс элементтері негізінде тарихи мәтінді талдаудың алгоритмін ұсыну [4, 104].

Зерттеудің ғылыми маңызы «Муниет ул-ғузат» мәтінін қазіргі корпус лингвистикасының толық автоматтандырылған нысаны ретінде емес, тарихи-тілдік деректі цифрлық және дискурстық талдауға кезең-кезеңімен дайындаудың үлгісі ретінде қарастыруымен айқындалады. Бұл тәсіл ортағасырлық қыпшақ жазба мұраларындағы әскери лексиканы жаңа қырынан тануға, оның семантикалық құрылымын, мәтін ішіндегі қызметін және мәдени-танымдық мазмұнын жүйелі сипаттауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу материалы ретінде мәмлүк-қыпшақтары тілінде жазылған «Муниет ул-ғузат» жазба ескерткіші алынды. Бұл ескерткіш әскери өнерге, жауынгерлік машыққа, атты әскер дағдыларына және қару қолдану тәсілдеріне арналған нұсқаулық сипаттағы тарихи мәтін ретінде қарастырылады. Ескерткіш мәтіні толық сақталмағандықтан, зерттеу барысында оны толыққанды электрондық корпус ретінде емес, корпусқа бейімдеуге болатын шағын арнайы тарихи мәтіндік дерек ретінде сипаттау ұстанымы басшылыққа алынды.

Мақалада негізгі дерек ретінде ескерткіштің транскрипцияланған мәтіні, сөздік-индекстік көрсеткіштері және осы жазба мұраға қатысты тілдік зерттеулер пайдаланылды. Мұндай дереккөздер мәтіндегі әскери мәнді лексикалық бірліктерді, олардың сөзтұлғалық нұсқаларын, контекстік қолданысын және семантикалық байланыстарын анықтауға мүмкіндік береді. Алайда зерттеу толық сандық жиілік нәтижесін ұсынуды мақсат етпейді; басты назар тарихи мәтінді корпусқа бейімдеудің және әскери лексиканы дискурстық тұрғыдан сипаттаудың зерттеу негізін айқындауға бағытталды.

Зерттеуде бірнеше әдіс өзара байланыста қолданылды. Біріншіден, тарихи-тілдік сипаттау әдісі арқылы «Муниет ул-ғузат» мәтінінің жазба ескерткіш ретіндегі табиғаты, мазмұндық бағыты және әскери-нұсқаулық сипаты анықталды. Бұл әдіс мәтінді белгілі бір тарихи-мәдени ортада қалыптасқан тілдік дерек ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Екіншіден, когнитивтік талдау әскери лексиканың мағыналық өрістерін анықтауға бағытталды. Осы тұрғыдан қару-жарақ атаулары, ат және атты жауынгерлік қимылға қатысты бірліктер, әскери әрекет пен тактика атаулары, жауынгер бейнесін сипаттайтын сөздер, тәртіп пен сақтыққа қатысты тілдік құрылымдар жеке когнитивтік өрістер ретінде қарастырылды. Бұл жіктеу әскери лексиканы кездейсоқ сөздер жиынтығы ретінде емес, ортағасырлық әскери танымды бейнелейтін жүйелі тілдік қабат ретінде сипаттауға негіз болады.

Үшіншіден, дискурстық талдау мәтіндегі тілдік бірліктердің прагматикалық және коммуникативтік қызметін анықтау үшін қолданылды. Дискурс ұғымы қазіргі лингвистикада мәтіннің сыртқы формасымен ғана шектелмей, оның әлеуметтік, прагматикалық және коммуникативтік қызметімен байланысты қарастырылады. Осы тұрғыдан «Муниет ул-ғузат» мәтіндегі бұйрық, нұсқау, ескерту, үйрету және сақтандыру мәніндегі құрылымдар оның әскери-нұсқаулық дискурсқа тән екенін көрсетеді.

Төртіншіден, корпус лингвистикасының элементтері зерттеудің талдау құралы ретінде қолданылды. Бұл мақалада корпус ұғымы дайын электрондық мәтіндер базасы ретінде емес, тарихи мәтінді жүйелі талдауға дайындау тәсілі ретінде түсіндіріледі. Осыған байланысты лемма, сөзтұлға, контекст, коллокация және конкорданс ұғымдары «Муниет ул-ғузат» мәтінін сандық және контекстік тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік беретін талдау бірліктері ретінде алынды.

Кесте 1 – Зерттеу логикасы төмендегі кезеңдер арқылы сипатталады:

Кезең	Әдістемелік әрекет	Мақсаты
1	Мәтінді тарихи дерек ретінде сипаттау	Ескерткіштің сақталу деңгейін, мазмұндық бағытын және әскери-нұсқаулық сипатын анықтау
2	Әскери лексиканы іріктеу	Қару-жарак, қимыл, жауынгер, тәртіп, сақтыққа қатысты бірліктерді белгілеу
3	Лемма және сөзтұлға деңгейінде жүйелеу	Бір түбірден тараған тұлғаларды топтастыруға негіз жасау
4	Когнитивтік өрістерге жіктеу	Әскери ұғымдардың мағыналық жүйесін сипаттау
5	Контекстік бақылау	Лексемалардың нақты мәтіндік ортадағы қызметін анықтау
6	Коллокациялық байланыстарды белгілеу	Бірге қолданылуға бейім сөздер мен тіркестерді көрсету
7	Дискурстық интерпретация	Мәтіннің нұсқаулық, прагматикалық және нормативтік сипатын түсіндіру

Осылайша, зерттеу бағыттары тарихи-тілдік, когнитивтік, дискурстық және корпусқа бейімделген талдау тәсілдерін біріктіруге негізделеді. Бұл «Муниет ул-ғузат» жазба ескерткішіндегі әскери лексиканы әрі тарихи тілдік дерек, әрі мәдени-танымдық жүйе, әрі әрекетке бағытталған әскери дискурс ретінде кешенді қарастыруға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және оларды талқылау. «Муниет ул-ғузат» мәтінін корпусқа бейімделетін тарихи дерек ретінде сипаттау

«Муниет ул-ғузат» жазба ескерткіші мазмұны жағынан әскери өнерді үйретуге, жауынгерлік дағдыларды қалыптастыруға және қару қолдану тәсілдерін түсіндіруге арналған мәтіндер қатарына жатады. «Ереуіл атқа ер салып, егеулі найза қолға алып», ерттеулі атты тандап мініп қаһармандық жорыққа аттанған ерлер дәстүрінің куәсіндей, көнеден жеткен асыл мұраларымыздың бірі»- деп сипаттайды ғалым Ш.Әуелбекова [5, 6]. Осы ерекшеліктер оны тарихи әскери лексиканы зерттеуге қолайлы дереккөз ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Алайда ескерткіштің мәтіні толық сақталмауына байланысты оны үлкен көлемді корпус ретінде қарастыру белгілі бір шектеулерді қажет етеді. Сондықтан бұл мақалада «Муниет ул-ғузат» мәтіні корпусқа бейімделетін шағын арнайы тарихи мәтіндік дерек

ретінде қарастырылады. Мұндай ұстаным зерттеу нәтижелерін асыра көрсетуден сақтайды және мәтіннің нақты деректік мүмкіндігін ғылыми тұрғыдан дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

Корпуска бейімдеу дегеніміз – мәтіндегі сөздер мен тіркестерді жүйесіз түрде жинақтау емес, оларды лемма, сөзтұлға, контекст және семантикалық қызмет деңгейінде реттеу. Мысалы, бір түбірден тараған әртүрлі тұлғалар жеке-жеке емес, ортақ лексикалық негіз арқылы қарастырылуы мүмкін. Бұл тарихи мәтіндегі сөздердің қолданыс жүйесін анықтауға, олардың мағыналық өрісін белгілеуге және дискурстық қызметін түсіндіруге жағдай жасайды.

Осы тұрғыдан алғанда, «Муниет ул-ғузат» мәтіні корпус лингвистикасының толық автоматтандырылған талдау нысаны емес, керісінше, қолмен тексеруді, филологиялық түсіндіруді және контекстік бақылауды қажет ететін тарихи мәтіндік материал болып табылады. Бұл ерекшелік мақалада ұсынылатын талдау моделінің негізгі қағидаларының бірі болып саналады.

Әскери лексиканың когнитивтік өрістері

«Муниет ул-ғузат» мәтініндегі әскери лексиканы когнитивтік тұрғыдан бірнеше мағыналық өріске топтастыруға болады. Бұл өрістер ортағасырлық әскери танымның тілдегі көрінісін сипаттайды. Мұнда әрбір лексема жеке атау ретінде ғана емес, белгілі бір әрекет, құрал, субъект немесе тәртіп жүйесімен байланыста қарастырылады.

Бірінші өріс – **қару-жарақ атаулары**. Бұл топқа қылыш, оқ, садақ, сүнгі, қалқан сияқты әскери құралдарға қатысты атаулар. Мұндай бірліктер заттық мағынамен қатар, шабуыл, қорғаныс, күш, батылдық және жауынгерлік дайындық ұғымдарымен де байланысады. Қару атаулары мәтінде тек әскери құралды білдіріп қана қоймай, жауынгердің әрекет ету мүмкіндігін, қорғану тәсілін және әскери машығын сипаттайтын мағыналық өзек ретінде қызмет етеді.

Екінші өріс – **ат және атты жауынгерлік қимылға қатысты бірліктер**. Ортағасырлық әскери мәдениетте ат жауынгерлік әрекеттің негізгі кеңістігі мен құралы ретінде маңызды орын алады. Сондықтан атқа міну, ат үстінде қозғалу, денені дұрыс ұстау, қимылды реттеу сияқты тілдік бірліктер мәтіннің практикалық сипатын күшейтеді. Бұл өріс «Муниет ул-ғузат» мәтінінің фурусиялық, яғни атты әскер өнеріне жақын табиғатын айқындайды.

Үшінші өріс – **әскери әрекет пен тактика атаулары**. Бұл топқа шабуыл жасау, қорғану, ұру, ұстау, шегіну, сақтану, сап түзеу сияқты әрекет мәнді бірліктерді жатқызуға болады. Мұндай сөздер мен тіркестер мәтіндегі динамикалық құрылымды қалыптастырады. Олар әскери білімнің теориялық түрде ғана емес, нақты қимыл арқылы меңгерілетінін көрсетеді.

Төртінші өріс – **жауынгер бейнесін сипаттайтын бірліктер**. Мұнда жауынгер, сарбаз, ер, батыр, фәріс сияқты атаулар маңызды. Бұл бірліктер әскери субъектіні, оның әлеуметтік мәртебесін, машығын, тәртіпке бағынуын және әрекетке дайын болуын сипаттайды. Жауынгер бейнесі мәтінде жеке тұлға ретінде емес, белгілі бір әскери тәртіп пен тәжірибенің иесі ретінде көрінеді.

Бесінші өріс – **тәртіп, сақтық және қауіпсіздікке қатысты тілдік құрылымдар**. Ескерткіштің нұсқаулық сипаты мұндай бірліктердің маңызын арттырады. Сақ болу, дұрыс ұстау, белгілі бір қимылды ретімен орындау, қауіпті жағдайдан қорғану сияқты құрылымдар мәтіннің прагматикалық бағытын көрсетеді. Бұл өріс әскери дискурстың нормативтік сипатын айқындайды.

Аталған өрістер бір-бірінен оқшау емес, өзара тығыз байланыста көрінеді. Мысалы, қару атауы көбіне белгілі бір қимылмен, ал қимыл белгілі бір жауынгерлік жағдаймен байланысады. Осылайша, мәтіндегі әскери лексика «қару – әрекет – жауынгер – тәртіп –

сақтық» жүйесі арқылы ұйымдасады. Бұл жүйе «Муниет ул-ғузат» мәтінін когнитивтік тұрғыдан талдаудың негізгі бағытын құрайды.

Әскери лексиканы корпусқа бейімдеудің үлгісі

«Муниет ул-ғузат» мәтіндегі әскери лексиканы корпусқа бейімдеу бірнеше деңгейде жүзеге асырылуы мүмкін. Бірінші деңгейде мәтіндегі әскери мәнді сөздер мен тіркестер іріктеледі. Бұл кезеңде лексеманың тікелей әскери мағынасы ғана емес, оның мәтіндегі әрекетпен, құралмен, субъектпен немесе тәртіппен байланысы да ескеріледі [5, 26].

Екінші деңгейде іріктелген бірліктер лемма және сөзтұлға бойынша жүйеленеді. Тарихи мәтіндерде бір сөздің бірнеше тұлғалық нұсқада берілуі мүмкін. Сондықтан оларды қазіргі тілдегі дайын нормаға күштеп сәйкестендірмей, тарихи-филологиялық ерекшелігін сақтай отырып топтастыру қажет. Бұл тәсіл мәтіндегі сөздердің нақты қолданысын жоғалтпай, оларды семантикалық тұрғыдан біріктіруге мүмкіндік береді.

Үшінші деңгейде әр лексеманың контекстік қолданысы қарастырылады. Контекст сөздің нақты мәтіндегі қызметін айқындайды. Мысалы, қару атауы бір жерде заттық мағынада қолданылса, екінші жағдайда әрекет тәсілін, сақтану қажеттілігін немесе жауынгерлік тәртіпті білдіруі мүмкін [6, 19]. Сондықтан контекстік талдау әскери лексиканың семантикалық икемділігін ашуға мүмкіндік береді.

Төртінші деңгейде коллокациялық байланыстар анықталады. Бұл кезеңде белгілі бір сөздердің қандай тіркестер құрамында жиі немесе тұрақты қолданылатыны бақылауға алынады. Мысалы, қару атаулары көбіне ұстау, ату, қолдану, сермеу, қорғану сияқты әрекет мәнді етістіктермен байланысуы мүмкін. Мұндай тіркестер мәтіндегі әскери әрекеттің тілдік моделін көрсетуге мүмкіндік береді.

Бесінші деңгейде конкордансқа негізделген бақылау жүргізіледі. Конкорданс-белгілі бір лексеманың мәтіндегі барлық немесе негізгі қолданыстарын сол жақ және оң жақ контекстімен бірге қарастыруға мүмкіндік береді. Тарихи мәтін жағдайында бұл әдіс толық автоматтандырылмаса да, қолмен жасалған контекстік картотека түрінде қолданылуы мүмкін. Құндылықтық белгілер дискурстың негізгі сипаттарының бірі ретінде танылады [7, 24].

Осы кезеңдерді жинақтай отырып, «Муниет ул-ғузат» мәтінін корпусқа бейімдеу үлгісін төмендегідей көрсетуге болады:

Кесте 2 – Жәдігерлік мәтінін корпусқа бейімдеу үлгісі

Талдау деңгейі	Негізгі бірлік	Зерттеу мақсаты
Лексикалық деңгей	Әскери атаулар	Негізгі әскери сөздер мен тіркестерді анықтау
Леммалық деңгей	Түбір / негізгі форма	Бір түбірден тараған тұлғаларды топтастыру
Сөзтұлғалық деңгей	Қосымшалы формалар	Тарихи морфологиялық ерекшелікті сақтау
Контекстік деңгей	Сөйлем / мәтін үзіндісі	Лексеманың нақты қызметін анықтау
Коллокациялық деңгей	Сөз тіркесі	Әскери әрекет моделін көрсету
Дискурстық деңгей	Нұсқау, бұйрық, ескерту	Мәтіннің прагматикалық қызметін түсіндіру

Бұл модель тарихи мәтінді қазіргі корпус лингвистикасының құралдарына механикалық түрде бағындыруды емес, керісінше, тарихи-филологиялық ерекшелігін сақтай отырып, оны жүйелі талдауға дайындауды көздейді.

Мәтіннің дискурстық сипаты

«Муниет ул-ғузат» мәтінінің негізгі дискурстық ерекшелігі – оның нұсқаулық және әрекетке бағытталған сипатында. Мәтін белгілі бір оқиғаны баяндап қана қоймайды, жауынгерге нақты әрекетті қалай орындау керектігін үйретуге бағытталады. Сондықтан онда бұйрық, кеңес, сақтандыру, түсіндіру және машықтандыру мәніндегі құрылымдар маңызды орын алады.

Әскери-нұсқаулық дискурста тілдің негізгі қызметі – ақпарат беру ғана емес, әрекетті ұйымдастыру. Мұндай мәтінде сөз нақты практикалық мақсатқа бағынады: жауынгер қалай отыруы керек, қаруды қалай ұстауы керек, қандай жағдайда сақтануы керек, шабуыл немесе қорғаныс кезінде қандай әрекет жасауы керек деген мәселелер тіл арқылы реттеледі. Осы тұрғыдан «Муниет ул-ғузат» мәтіні прагматикалық бағыттағы әскери дискурс үлгісі ретінде сипатталады. Мысалы:

34/б

1. қurla tizgindürgil тақı sağ қолuңg üzere salğıl
2. andın soñra sol iginiңg üzere salğıl тақı boynunıg
3. üzere tizgindürgil тақı sağ қолuңg birle tiz tutğıl
4. тақı iki қurla tizgindürgil andın soñra sağ ilinğ
5. birle atıng-ninğ kömüldürüki üzere tizgindürgil
6. тақı sol қолuңg birle tiz tutğıl тақı süngü-ni onğ
7. ilinğe alğıl тақı başıng üzere iki қurla tizgindürgil
8. tā қолuңg üzere kilsün andın soñgra bilinğ üzere
9. tizgindürgil тақı butnıng altındın tizgindürgil

Мәтіндегі бұйрық және нұсқау мәнді құрылымдар жауынгер мен үйретуші арасындағы иерархиялық қатынасты да көрсетеді. Бұл қатынас тек әлеуметтік мәртебемен емес, білім мен тәжірибені беру жүйесімен байланысты. Мәтінде тәжірибелі үйретуші тарапынан жауынгерге немесе шәкіртке бағытталған нұсқау басым сипат алады. Осыған байланысты ескерткішті әскери білімді жеткізуге арналған институционалдық дискурс ретінде де қарастыруға болады. Мысалы:

11/a

1. tutup mingey-sen mingil bulan-nı barça
2. şavāb körüp tururlar illā ançası bar turur kim iyer-
3. ninğ ilgerü қаşın sağ il birle tutup minmek
4. benim қatımda yağşı-rak turur anıñg üçün kim eger aғ

5. miner irken sekrise taqı sađ iling ilgerü
6. qaşında bolsa minmek sendin qurtulmas eger
7. sađ iling art qaşında bolsa havf turur kim ađ
8. sekrise minebilmegey-sen taqı tamām mingendin
9. songra yügenni tutup ađ başın köndergil taqı

Дискурстық тұрғыдан мәтіндегі әскери лексика үш негізгі қызмет атқарады. Біріншіден, ол әскери құралдар мен әрекеттерді атайды. Екіншіден, жауынгерлік тәжірибені жүйелейді. Үшіншіден, оқырманды немесе тыңдаушыны нақты әрекетке бағыттайды. Осы үш қызметтің бірлігі мәтіннің нұсқаулық-прагматикалық табиғатын анықтайды.

Сондықтан «Муниет ул-ғузат» ескерткішіндегі әскери лексиканы зерттеу тек тарихи сөздік құрамды сипаттау емес, әскери білімнің тіл арқылы қалай ұйымдастырылғанын, жауынгерлік тәжірибенің қандай дискурстық құрылымдар арқылы берілгенін және ортағасырлық түркі әскери танымының қандай тілдік модельдер арқылы көрінетінін анықтауға мүмкіндік береді.

Корпустық-дискурстық талдаудың ұсынылатын моделі

Жоғарыда айтылғандарды жинақтай отырып, «Муниет ул-ғузат» мәтіндегі әскери лексиканы талдаудың корпустық-дискурстық моделін төмендегідей сипаттауға болады:

Кесте 3 – Ескерткіш тіліндегі әскери лексиканы корпустық моделін талдаудың үлгісі

Модель компоненті	Мазмұны	Күтілетін нәтиже
Деректік база	Сақталған мәтін бөлігі, транскрипция, индекс	Талдауға жарамды тарихи мәтіндік материал анықталады
Лексикалық іріктеу	Әскери мәнді сөздер мен тіркестер	Әскери лексиканың бастапқы тізімі жасалады
Лемматизация	Бір түбірден тараған формаларды біріктіру	Лексемалардың жүйелі көрсеткіші қалыптасады
Когнитивтік жіктеу	Қару-жарак, ат, қимыл, жауынгер, тәртіп, сақтық өрістері	Әскери танымның мағыналық құрылымы сипатталады
Контекстік талдау	Сөздің сөйлем ішіндегі қызметі	Лексеманың нақты қолданысы анықталады
Коллокациялық бақылау	Тұрақты немесе жиі тіркесетін сөздер	Әскери әрекетке тән тілдік үлгілер көрінеді
Дискурстық түсіндіру	Бұйрық, нұсқау, сақтандыру, үйрету құрылымдары	Мәтіннің прагматикалық және нормативтік сипаты айқындалады

Бұл модельдің басты ерекшелігі – тарихи мәтінге сақтықпен қарауында. Яғни мәтін толық сақталмаған жағдайда зерттеуші абсолютті статистикалық қорытынды жасауға емес, сақталған дерек шегінде лексикалық, контекстік және дискурстық байланыстарды

сипаттауға ұмтылады. Мұндай тәсіл мақала нәтижелерінің ғылыми дәлдігін арттырады және тарихи мәтіннің табиғатына сай келеді.

Қорытынды. Жүргізілген талдау «Муниет ул-ғузат» жазба ескерткішіндегі әскери лексиканы корпусдық-дискурстық тұрғыдан зерттеудің ғылыми негізі бар екенін көрсетеді. Ескерткіш мәтіні толық сақталмағандықтан, оны қазіргі мағынадағы дайын әрі толық электрондық корпус ретінде қарастыруға болмайды. Дегенмен сақталған мәтін бөлігі, транскрипцияланған материал және сөздік-индекстік көрсеткіштер бұл жазба мұраны корпуста бейімдеуге болатын шағын арнайы тарихи мәтіндік дерек ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Мақалада ұсынылған зерттеу үлгісі жазба жәдігерлік мәтіндегі әскери лексиканы бірнеше деңгейде қарастыруға негізделді. Бірінші деңгейде мәтіндегі әскери мәнді сөздер мен тіркестер іріктеледі. Екінші деңгейде олар лемма және сөзтұлға тұрғысынан жүйеленеді. Үшінші деңгейде лексемалардың контекстік қолданысы, ықтимал коллокациялық байланыстары және дискурстық қызметі анықталады. Төртінші деңгейде әскери лексика когнитивтік өрістер бойынша сипатталады. Мұндай кезеңдік тәсіл тарихи мәтіндегі лексикалық материалды жүйелі түрде талдауға және оны қазіргі корпус лингвистикасының әдістеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында «Муниет ул-ғузат» мәтіндегі әскери лексиканы шартты түрде бірнеше когнитивтік өріс аясында қарастыруға болатыны негізделді. Олардың қатарына қару-жарақ атаулары, ат және атты жауынгерлік қимылға қатысты бірліктер, әскери әрекет пен тактиканы білдіретін сөздер, жауынгер бейнесін сипаттайтын атаулар, тәртіп, сақтық және қауіпсіздікке қатысты тілдік құрылымдар жатады. Бұл өрістер ескерткіштегі әскери танымның тілдік ұйымдасуын көрсетеді және мәтінді тек сөздік материал ретінде емес, ортағасырлық түркі әскери мәдениетін бейнелейтін күрделі тілдік жүйе ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Дискурстық тұрғыдан «Муниет ул-ғузат» мәтіні әскери-нұсқаулық, прагматикалық және нормативтік сипатымен ерекшеленеді. Мәтіндегі бұйрық, нұсқау, ескерту, сақтандыру және үйрету мәніндегі құрылымдар оның практикалық әрекетке бағытталғанын көрсетеді. Бұл ерекшелік ескерткішті әскери білімді жеткізуге, жауынгерлік машықты қалыптастыруға және тәртіп жүйесін тіл арқылы реттеуге арналған институционалдық дискурс үлгісі ретінде сипаттауға негіз болады.

Корпустық-дискурстық талдаудың ұсынылған моделі «Муниет ул-ғузат» мәтіндегі әскери лексиканы толық сандық нәтиже ретінде емес, тарихи-тілдік дерекке сүйенген жүйелі зерттеу бағыты ретінде қарастыруды көздейді. Бұл тәсіл ескерткіштің толық сақталмау жағдайын ескеруге, нақты дерек шегінен шықпауға және зерттеу нәтижелерін ғылыми тұрғыдан сақтықпен тұжырымдауға мүмкіндік береді. Сондықтан мақалада ұсынылған модель болашақта мәмлүк-қыпшақ жазба мұраларындағы әскери лексиканы цифрлық-тілдік, когнитивтік және дискурстық тұрғыдан кешенді зерттеуге негіз бола алады.

Осылайша, «Муниет ул-ғузат» жазба ескерткішін корпуста бейімделген тарихи мәтіндік дерек ретінде қарастыру түркологиядағы әскери лексика, тарихи терминология және ортағасырлық әскери дискурс мәселелерін зерттеу тұрғысынан жаңа бағытта қарастыруға жол ашады. Бұл бағыт мәмлүк қыпшақтарының тілдік мұрасы қазіргі қазақ тілімен сабақтастығын, тарихи әскери ұғымдардың семантикалық тұрақтылығын және мәдени-танымдық жалғастығын тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Uğurlu, M. Munyetu'l-Guzât. Metin-İndeks [Text] / M. Uğurlu. – Ankara, 1984. – 299 s.

2 Боранбаев, С. Р. Соғыс өнеріне байланысты түркі тілінде жазылған ортағасырлық дереккөз [Текст] / С. Р. Боранбаев, К. Т. Тулебаев // Архив хабаршысы. – Нұр-Сұлтан, 2021. – № 1–2. – Б. 20–24.

3 Букаева, А. А. Қазіргі лингвистикадағы дискурс ұғымы [Текст] / А. А. Букаева, Г. О. Сыздыкова // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – № 2. – Б. 12–21.

4 Омарова, Н. Понятие «дискурс» в современной лингвистике [Текст] / Н. Омарова // Вестник Кокшетауского Университета им. Ш. Уалиханова. Серия филологическая. – 2021. – № 2. – С. 104–111.

5 Ауелбекова, Ш. Е. «Мүниятұл ғұзат» – қаһармандық дәстүр мұрасы [Текст] : моногр. / Ш. Е. Ауелбекова. – Алматы : Таңбалы, 2017. – 328 б.

6 Байжанов, Т. Қазақ тіліндегі әскери лексика [Текст] / Т. Байжанов. – Алматы : Рауан, 1991. – 103 б.

7 Мусатаева, М. Ш. О некоторых проблемах дискурсного анализа [Текст] / М. Ш. Мусатаева // Bulletin KazNU. Filology series. – 2014. – № 1 (147). – С. 22–26.

REFERENCES

1. Uğurlu, M. Muniyetu'l-Guzât. Metin-İndeks [Text]. Ankara, (1984): 299 s. – (In Tur)
2. Boranbaev, S.R., Tulebaev, K.T. Sogys onerine bailanysty tyrki tilinde zhazylyan ortagasyrlyk derekkoz [A medieval source written in the Turkic language related to the art of war]. Arhiv habarshysy. Nur-Sultan, (2021): No 1–2., B. 20–24. – (In Kaz)
3. Bukacva, A.A., Syzdykova, G.O. Kazirgi lingvistikadagy diskurs ygymy [The concept of discourse in modern linguistics]. Sh. Ualihanov atyndagy KU habarshysy. Filologiya seriyasy. (2023): No 2., B. 12–21. – (In Kaz)
4. Omarova, N. Ponyatie «diskurs» v sovremennoj lingvistike [The concept of “discourse” in modern linguistics]. Vestnik Kokshetauskogo Universiteta im. Sh. Ualihanova. Seriya filologicheskaya. (2021): No 2., S. 104–111. – (In Rus)
5. Auelbekova, Sh.E. «Myniyatyl gyzat» – kaharmandyk dastyr murasy [“Muniyatul Guzat” as a legacy of the heroic tradition]. Almaty: Tanbaly, (2017): 328 b. – (In Kaz)
6. Baizhanov, T. Kazakh tilindegi askeri leksika [Military vocabulary in the Kazakh language]. Almaty: Rauan, (1991): 103 b. – (In Kaz)
7. Musataeva, M.Sh. O nekotoryh problemah diskursnogo analiza [On some problems of discourse analysis]. Bulletin KazNU. Filology series. (2014): No 1 (147)., S. 22–26. – (In Rus)